

Р.Б. Сартова, э.ғ.к., қауымд. профессор¹
А.Б. Тасмаганбетов*, PhD, қауымд. профессор²
А.Ж. Ибрашева, э.ғ.м., аға оқытушы²
М.А. Тлеубергенова, э.ғ.м., аға оқытушы²
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан¹
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан²
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: aslandelo@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Мақалада дүниежүзіндегі туристік индустриясының перспективалы бағыттарының біріне айналған медициналық туризмнің қазіргі таңдағы даму жағдайы қарастырылды. Туризмнің медициналық бағытының маңыздылығын оның соңғы жылдары орташа жылдық өсу қарқынан, әлемдегі денсаулық сақтау қызметтеріне сұраныстың артуынан және дүниежүзілік медициналық туризм нарығының көлемі айтарлықтай ұлғайып келе жатқанынан көруге болады. Медициналық туризм саласындағы негізгі тұжырымдамаларға шолу жасалды. Медициналық туризмнің негізгі терминін тұжырымдауға авторлық анықтама берілді. Әдебиеттерге шолу жасау нәтижесінде ғалымдардың медициналық туризмнің дамуына әсер ететін саяси, инфрақұрылымдық, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік-мәдени, табиғи-климаттық, басқарушылық, кепілдік, қорғаныс, қауіпсіздік сияқты түрлі аспектілері мен факторларын зерттейтінін көрсетті. Медициналық туризмнің өнімдерін негізгі жеткізушілері болып табылатын ауруханалар, медициналық орталықтар, оңалту орталықтары, санаторий, профилакторий мен мамандандырылған санаторий секілді медициналық ұйымдардың қызметіне талдау жасалды. Медициналық туризмнің клиникалық бағытына жатқызылатын ауруханалар, халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін дәрігерлік мекемелері мен оңалту орталықтарының саны мен ондағы орындары бағаланды. Сонымен бірге, медициналық туризмнің санаторлық бағытындағы қызмет етіп жатқан санаторий, профилакторий мен мамандандырылған санаторийлерге құрылымдық талдау жасалды. Елдегі медициналық ұйымдарда жұмыс жасайтын мамандар, соның ішінде дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлер саны соңғы жиырма жылда даму қарқыны қарастырылды.

Кілт сөздер: туризм, медициналық туризм, сауықтыру туризмі, санаторий, курорт, оңалту орталығы, аурухана, клиника, профилакторий, мамандандырылған санаторий.

Ключевые слова: туризм, медицинский туризм, оздоровительный туризм, санаторий, курорт, реабилитационный центр, больница, поликлиника, профилакторий, специализированный санаторий.

Keywords: tourism, medical tourism, wellness tourism, sanatorium, resort, rehabilitation center, hospital, clinic, dispensary, specialized sanatorium.

JEL classification: L 83

Кіріспе. Қазіргі уақытта ғылыми-техникалық даму процестері қарқынды жүруде. Алайда, ғылыми-технологиялық прогресс өндіріс пен экономиканың дамуындағы оң өзгерістерге ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаның бұзылуында, жиі күйзелістерде, отырықшы өмір салтында және халықтың денсаулық деңгейінің төмендеуінде көрінетін жағымсыз факторлардың өсуіне ықпал етуде.

Денсаулық - адамның толық және белсенді өмірі тәуелді болатын заманауи шындықтың құнды факторына айналды. Осыған байланысты, салауатты өмір салтын ұстануға, аурудың себептерін асқындырмау үшін дер кезінде медициналық қызметке жүгінуге ұмтылатындар саны артып келеді. Бұл өз кезегінде, халықтың өз денсаулығын сақтауға және сақтауға қажеттілігінің артуына байланысты денсаулық сақтау, емдеу және оңалту қызметтерін көрсететін ұйымдар санының артуына әкелді.

Соңғы онжылдықта медициналық туризм дүниежүзіндегі туристік индустрияның қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының біріне айналды. Мұндай елдердегі әртүрлі жоғары сапалы және үнемді медициналық процедуралардың болуымен қатар жетілген байланыс пен инфрақұрылыммен және зерттеуге тартымды орындардың болуымен қамтамасыз етілген. Жеке сектор арқасында медициналық туризм өңірдің дамуының негізгі драйверіне айналды, сондай-ақ туризмнің бұл бағытының жаһандық деңгейде туризм саласының кез келген өзге бағытына қарағанда жылдам өсуі байқалады.

Зерттеудің мақсаты медициналық туризмнің қазіргі жай-күйі мен даму деңгейіне талдау жүргізу негізінде елімізде туризмнің осы бағытын дамыту әлеуетін бағалау болып табылады.

Зерттеу әдістері. Мақалада мазмұнды талдау және жүйелеу, жалпылау және салыстырмалы талдау әдістерін пайдалана отырып, медициналық туризм бойынша қолда бар ғылыми және практикалық материалдары зерделенді.

Әдебиеттік шолу. Жаһандану бүкіл әлемдегі салаларды қайта құруда. Денсаулық сақтау саласындағы жаһандандудың осындай бір көрінісі медициналық туризм болып табылады. Кең мағынада бұл емделуге шетелге шығуды білдіреді. 1990 жылдардағы қарқынды дамып келе жатқан уақыттан бері медициналық туризм академиялық ортада да, өндірісте де кеңінен танылды. Бұл саланы зерттеуге деген қызығушылықтың артуы айқын болғанымен, осы секторды анықтауға немесе өлшеуге қатысты әлі де халықаралық келісім жоқ. Қолданыстағы әдебиеттерде «денсаулық туризмі» және «медициналық туризм» терминдері еркін және ұйымдастырылмаған түрде қарастырылады [1].

Дүниежүзілік туристік ұйыммен берілген анықтамасына сәйкес, медициналық туризм бұл денсаулықты жақсарту мақсатында жүзеге асырылатын және санаторлық-курорттық және медициналық мекемелерінде ем қабылдауды көздейтін әрекеттер жиынтығы [2].

Туризм саласындағы Халықаралық ғылыми сарапшылар қауымдастығы медициналық туризмді клиентке күтім жасауға бағытталған демалыс, ойын-сауық және жеке сауықтыру бағдарламаларының үйлесімі ретінде қарастырады [3].

Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында медициналық туризмге былайша сипаттама берілген, яғни медициналық туризм әлемде медициналық қызметтер алу мақсатында адамдардың өздері үнемі тұратын жерлерінен шығуы дегенді білдіреді [4].

Сонымен, медициналық туризмге қатысты А.Н. Ebrahim, S. Ganguli [1], A.N. Dunets, V. Yankovskaya, A.B. Plisova, M.V. Mikhailova, I.B. Vakhrushev, R.A. Aleshko [5], T. Ghosh, S. Mandal [6], A. Kamassi, N.H. Abd Manaf, A. Omar [7], A. Virani, A.M. Wellstead, M. Howlett [8], H.Olya, T.H. Nia [9], T. Bagga, S.K. Vishnoi, S. Jain, R. Sharma [10], H. Beladi, C.C. Chao, M.S. Ee, D. Hollas [11], B. Lovelock, K. Lovelock, K. Lyons [12], K. Momeni, A. Janati, A. Imani, R. Khodayari-Zarnaq [13] секілді бірқатар ғалымдардың зерттеулерін қарастыра келе, медициналық туризм бұл жеке адамның демалу, іскерлік немесе басқа да жұмыстармен шұғылдана отырып тікелей немесе жанама түрде медициналық қызметтерді пайдалану мақсатында ұзақ қашықтыққа немесе шекарадан тыс жерлерге саяхаттау іс-әрекеттерінің жиынтығы деген анықтама беруге болады.

Ал, сауықтыру туризмі – профилактикалық және сауықтыру емінен бастап сауықтыру және емдік саяхат түрлеріне дейін әртүрлі себептермен саяхат жасауға болатын кең ауқымды құбылыс [5].

Денсаулық сақтау қызметтеріне жаһандық сұраныс пен шығындардың өсуі елдегі халықтың картаюы, ауру сипатының өзгеруі және қымбат цифрлық технологиялардың жылдам трансформациясы сияқты факторлармен байланысты.

Негізгі бөлім. Жүргізілген бірқатар зерттеулерде медициналық туризмнің дамуында ұсынылатын емдеу түрінің, денсаулық сақтау мекемелерінің, дәрігер құзыретінің, қызмет көрсету сапасының және қызмет көрсетушілер ұсынатын күтім стандарттарының маңыздылығын атап өтті [6,7].

Кейбір авторлардың еңбектерінде медициналық туризмнің дамуына әртүрлі факторлардың әсері зерттеледі. Мәселен, бірқатар ғалымдар медициналық туризмдегі саяси зерттеулерді елемеуге назарды аударды. Бұл зерттеулер осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған. Дәрігерлер мен аурухана басшылығының жоғары лауазымды тұлғаларының көзқарасын қарастыра отырып, бұл зерттеу медициналық туризм индустриясындағы табысты анықтайтын негізгі факторларды талдайды [8]. Сонымен қатар, қонақжайлылық және туризм саласындағы қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы да медициналық туризм бағытының маңызды атрибуттары болып саналады [9].

Кейбір ғалымдардың пікірінше, құны мен сапасы медициналық туризм индустриясының маңызды аспектілерінің бірі болып саналады [10]. Сондай-ақ, елдің білімі, мәдениеті, тілі, қол жетімділігі, қорғаныштығы және қауіпсіздігі сияқты елге тән факторлар маңызды орынға ие болатындығын көрсетеді [9].

Оған қоса, медициналық туризмді қалыптастыруда адам ресурстарын дамыту мен әкімшілік тиімділіктің ролін зерттеді. Инфрақұрылым және орналастыру орындары, көлік, коммуникация медициналық туризм үшін танылған басқа да маңызды аспектілер болып табылады [11,1].


Медициналық туризм бағытының тартымдылығын зерттеу кезінде ауа-райы, көрікті жерлер, мәдениет және экзотика сияқты баратын елдің туризмге тән факторларды да ескеру қажеттілігін атайды [12].

Зерттеулер, сонымен қатар, медициналық туризм секторының дамуын жеделдету үшін медициналық туризмдегі мүдделі тараптардың мемлекеттік-жекеменшік үйлестіруін және ынтымақтастығын байқады [11,1]. Сектордағы тиімділікті, біркелкілікті және стандарттауды үйлестіруді жақсарту және медициналық туризм индустриясын ілгерілету үшін нормативтік база мен саясат араласуының қажеттілігін көрсетеді [13].

Маркетингтік зерттеулердің белгілі дерекқорлары 2019 жылы Дүниежүзілік медициналық туризм нарығы 104,7 миллиард АҚШ долларына бағаланғанын және оның орташа жылдық өсу қарқыны 12,8% - ға өсіп, 2027 жылға қарай 273,7 миллиард АҚШ долларына жетеді деп болжанғанын хабарлайды [14].

Айта кету керек, медициналық туризмнің өнімдерін негізгі жеткізушілері (провайдерлер) ауруханалар, клиникалар, медициналық орталықтар, оңалту орталықтары, санаторий, профилакторий, мамандандырылған санаторий, емдеу пансионаттары, медициналық спа ұйымдары болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, медициналық туризм екі құрамдас бөліктен тұрады. Біріншісі, медициналық клиникалық туризм, оның өнімдерін негізгі жеткізушілері (провайдерлер) ауруханалар, клиникалар, халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін дәрігерлік мекемелер, медициналық орталықтар, оңалту орталықтары және т.с.с. жатқызылады. Екіншісі, медициналық санаторлық туризм, оның өнімдерін негізгі жеткізушілері (провайдерлер) санаторий, профилакторий, мамандандырылған санаторий, емдеу пансионаттары, медициналық спа ұйымдары болып табылады.

Соңғы жылдары елде заманауи жабдықталған денсаулық сақтау ұйымдарының саны артып келеді. Елдегі денсаулық сақтау ұйымдарының, оның ішінде ауруханалар, халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін дәрігерлік мекемелер мен оңалту орталықтарының жалпы саны 2022 жылдың 1 қаңтарында 4094 мекемеге жетті, бірақ бұл 2000 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 101 бірлікке немесе 2,1 %-ға аз. 2000 жылы аталмыш ұйымдардың саны 4185 бірлікті құраған болатын [15].



1-сурет. Медициналық клиникалық туризмнің провайдерлері бойынша көрсеткіштер, бірлік*

* [15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Елдегі ауруханалар саны соңғы жылдары артқандығын байқауға болады. Алайда 2000 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 17,59 %-ға кеміген. Ең төмен көрсеткіш 2019 жылы орын алған болатын, 2015 жылға қарағанда ауруханалар саны 16,87 %-ға қысқарған. Тек, 2020 жылы ауруханалар санының өсімі байқалды, жалпы алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,2 %-ға өскен.

Халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін дәрігерлік мекемелердің саны 2010 жылға дейінгі межеге жетпегенін көруге болады. 2020 жылы алдыңғы жылға қарағанда 1,62 %-ға азайғанын көреміз. Пандемия кезінде, 2021 жылы халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін дәрігерлік мекемелердің саны 4,27 %-ға артқан болатын.


Оңалту орталықтарының саны тұрақты артып келеді. 2021 жылғы көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 31,6 %-ға дейін артқан.

Ауруханалар мекемелерінің санының азаюымен қатар сәйкесінше аурухана төсектерінің халықтың 10000 адамына шаққанда саны да қысқарған. Соңғы 2000 жылда республика бойынша аурухана төсектерінің саны ең төменгі көрсеткішке ие және 2019 жылға дейін жыл сайын төмендеп келеді.

Республика бойынша медициналық мекемелеріндегі орын саны 2006 жылы 77,3 мың болса, 2010 жылы 72,4 мың орынды, 2020 жылы 67,5 мың және 2021 жылы 65,4 мың төсек орынды құраған. 2006 жылға қарағанда 2021 жылы халықтың 10 000 адамына шаққандағы орындар саны 15,4 %-ға кеміген болатын.

Айта кету керек, елдегі барлық мамандықтағы дәрігерлер саны 78,2 мың адамға жетсе, орта медициналық қызметкерлер саны 188,8 мың адамға жетті. Барлық мамандықтағы дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлер саны 2000 жылдан бастап жыл сайын тұрақты артып келеді. Барлық мамандықтағы дәрігерлер саны орташа 8,2 %-ға тұрақты өсімге ие болса, орта медициналық қызметкерлер саны орташа 10,2%-ға ұлғайған болатын. Мәселен, 2000 жылы барлық мамандықтағы дәрігерлер саны 49 мың адам болса, 2010 жылы 63,9 мың адамға және 2020 жылы 76,4 мың адамға жетті. Орта медициналық қызметкерлер саны 2000 жылы 106,6 мың адамды құраса, 2010 жылы 143,8 мың адамға және 2020 жылы 185,8 мың адамға көбейді.

Арнайы мамандандырылған орналастыру орындарының саны төмендегі суреттен көруге болады.



2-сурет. Медициналық санаторлық туризмнің провайдерлері бойынша көрсеткіштер, бірлік*

* [15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Мәліметтерге сәйкес, профилакторийлердің саны жалпы тұрақталды. Алайда 2000 жылмен салыстырғанда мамандандырылған санаторийлер мен профилакторийлердің саны 2021 жылы күрт азайған. Мәселен, профилакторийлердің саны 1,7 есе қысқарған болса, мамандандырылған санаторийлер саны 2011 жылға қарағанда 2021 жылы шамамен 4,5 есеге азайған. Санаторийлердің саны пандемия кезеңіне дейінгі көрсеткішпен салыстырғанда 23 %-ға артқан болатын.

Қазіргі таңда санаторийлердің басым бөлігі жеке меншікте болса, 5,1 % мемлекеттік меншігіндегі санаторийлер, ал 1,1 % шетел меншігіндегі санаторийлер болып табылады. Мамандандырылған санаторийлер, керісінше, басым бөлігі меншігінде, яғни 87,5 %-ы. Шетел меншігінде мамандандырылған санаторийлер жоқ. Профилакторийлер негізінен жеке меншігінде және шетел меншігінде. Шетел меншігіндегі профилакторийлердің үлесі 22,2 % құрайды. Мемлекеттік меншіктегі профилакторийлер жоқ.

Санаторийлер негізінен Түркістан облысында шоғырланған. Бұл облыста санаторийлердің жартысынан көбі жұмыс жасауда. Олардың саны 2021 жылы 58-ге жеткен болатын.



3-сурет. Медициналық санаторлық туризмнің провайдерлері бойынша көрсеткіштер, бірлік*

* [15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Емделгендердің немесе дем алғандардың басым бөлігі санаторийлерді таңдаған. Республика бойынша мамандандырылған орналастыру орындарында 2021 жылы емделгендер немесе дем алғандар саны 319960 адамға жетті. Сонымен бірге, 2000 жылмен салыстырғанда емделгендер немесе дем алғандар саны шашамен 2,3 есе артқан болатын, ал пандемияға дейінгі 2019 жылмен салыстырғанда 18,5 %-ға өскен. 2000 жылы санаторийлерде 123062 адам және профилакторийде 14006 адам емделсе немесе демалса, 2005 жылы 257489 адамға және 32686 адамға дейін, 2021 жылы 219057 адамға және 19261 адамға дейін өсті.

Қорытынды. Сонымен, медициналық туризмді жеке адамның демалу, іскерлік немесе басқа да жұмыстармен шұғылдана отырып тікелей немесе жанама түрде медициналық қызметтерді пайдалану мақсатында ұзақ қашықтыққа немесе шекарадан тыс жерлерге саяхаттау іс-әрекеттерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады. Оның негізгі ерекшелігі бұл шетелдегі демалысты дүние жүзіндегі медициналық орталықтарда жоғары білікті көмек алумен ұштастыру мүмкіндігі және де толық немесе ішінара сақтандырылмаған емделушілер үшін тиімді мүмкіндік болып табылады. Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласында мемлекеттік шығындары шектеулі және жеке секторы дамымаған елдердің емделушілері үшін елеулі мүмкіндік болып табылады.

Айта кету керек, медициналық туризмді, біріншіден, медициналық клиникалық туризм ретінде, яғни оның өнімдерін негізгі жеткізушілері (провайдерлер) ауруханалар, клиникалар, халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін дәрігерлік мекемелер, медициналық орталықтар, оңалту орталықтары және т.с.с., екіншіден, медициналық санаторлық туризм ретінде, яғни оның өнімдерін негізгі жеткізушілері (провайдерлер) санаторий, профилакторий, мамандандырылған санаторий, емдеу пансионаттары, медициналық спа ұйымдары, қарастыруға болады.

Сонымен қатар, медициналық туризмнің даму қарқынына денсаулық сақтау қызметтеріне жаһандық сұраныс пен шығындардың өсуі, елдегі халықтың қартаюуы, ауру сипатының өзгеруі және қымбат цифрлық технологиялардың трансформациясы секілді факторлар ықпал етеді. Сондай-ақ, әрбір мемлекеттің қалыптасқан жеке тартымды имиджі, ондағы медицина мен туризмді дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаты, медицина деңгейі, әртүрлі табиғи кешендер, әлеуметтік деңгей және мәдениет пен экономика деңгейі, баға мен сапа ұсыныстары сияқты факторлар айтарлықтай әсер етуде.

Осылайша, қазіргі уақытта медициналық туризм белсенді қарқынмен дамып, халық арасында танымал болуда. Бүгінгі таңда медициналық туризм қызметтері тек табиғи көздермен емдеуді ғана емес, сонымен қатар физиотерапия, психотерапия, курорттық терапия және т.б. сияқты көптеген заманауи прогрессивті бағыттарды қамтиды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ebrahim A., Ganguli S. A comparative analysis of medical tourism competitiveness of India, Thailand and Singapore // *Tourism: an International Interdisciplinary Journal*. – 2019. – 67(2). – P. 102-115.
2. World Tourism Organization. – 2022. – URL: <https://www.unwto.org/publications>.
3. International Association of Scientific Experts in Tourism. – 2023. – URL: <https://www.aiest.org/aiest-conference/2023-madrid>.
4. Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 Жарлығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360>.
5. Dunets A., Yankovskaya V., Plisova A., Mikhailova M., Vakhrushev I., Aleshko R. Health tourism in low mountains: A case study. *Entrepreneurship and Sustainability Issues*. – 2020. – 7(3). – P. 13-22.
6. Ghosh T., Mandal S. Medical tourism experience: Conceptualization, scale development and validation // *Journal of Travel Research*. – 2019. – 58(8). – P. 1288-1301.
7. Kamassi A., Abd Manaf N., Omar A. The identity and role of stakeholders in the medical tourism industry: State of the art. *Tourism Review*. – 2020. – 45(8). – P. 158-167.
8. Virani A., Wellstead A., Howlett M. Where is the policy? A bibliometric analysis of the state of policy research on medical tourism. *Global Health Research and Policy*. – 2020. – 5(1). – P. 1-16.
9. Olya H., Nia T. The medical tourism index and behavioral responses of medical travelers: A mixed-method study // *Journal of Travel Research*. – 2021. – 60(4). – P. 779-798.
10. Bagga T., Vishnoi S., Jain S., Sharma R. Medical tourism: Treatment, therapy and tourism // *International Journal of Scientific and Technology Research*. – 2020. – 9(3). – P. 4447-4453.

11. Beladi H., Chao C., Ee M., Hollas D. Does medical tourism promote economic growth? A cross-country analysis // *Journal of Travel Research*. – 2019. – 58(1). – P. 121-135.
12. Lovelock B., Lovelock K., Lyons K. The impact of outbound medical (dental) tourism on the generating region: New Zealand dental professionals' perspectives. *Tourism Management*. – 2018. – 67(8). – P. 399-410.
13. Momeni K., Janati A., Imani A., Khodayari-Zarnaq R. Barriers to the development of medical tourism in East Azerbaijan province, Iran: A qualitative study. *Tourism Management*. – 2018. – 69(9). – P. 307-316.
14. Taheri B., Chalmers D., Wilson J., Arshed N. Would you really recommend it? Antecedents of word-of-mouth in medical tourism. *Tourism Management*. – 2021. – 83(14). – P. 104-109.
15. Туризм Қазақстанның. Комитет статистикасы Министрлігінің Ұлттық Экономикасының Республикасы Қазақстан. – 2022. – Астана. – 65 с. – URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>.

REFERENCES

1. Ebrahim A., Ganguli S. A comparative analysis of medical tourism competitiveness of India, Thailand and Singapore // *Tourism: an International Interdisciplinary Journal*. – 2019. – 67(2). – P. 102-115.
2. World Tourism Organization. – 2022. – URL: <https://www.unwto.org/publications>.
3. International Association of Scientific Experts in Tourism. – 2023. – URL: <https://www.aiest.org/aiest-conference/2023-madrid>.
4. Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Прем'ер-Министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 Жарлығы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> [in Kazakh].
5. Dunets A., Yankovskaya V., Plisova A., Mikhailova M., Vakhrushev I., Aleshko R. Health tourism in low mountains: A case study. *Entrepreneurship and Sustainability Issues*. – 2020. – 7(3). – P. 13-22.
6. Ghosh T., Mandal S. Medical tourism experience: Conceptualization, scale development and validation // *Journal of Travel Research*. – 2019. – 58(8). – P. 1288-1301.
7. Kamassi A., Abd Manaf N., Omar A. The identity and role of stakeholders in the medical tourism industry: State of the art. *Tourism Review*. – 2020. – 45(8). – P. 158-167.
8. Virani A., Wellstead A., Howlett M. Where is the policy? A bibliometric analysis of the state of policy research on medical tourism. *Global Health Research and Policy*. – 2020. – 5(1). – P. 1-16.
9. Olya H., Nia T. The medical tourism index and behavioral responses of medical travelers: A mixed-method study // *Journal of Travel Research*. – 2021. – 60(4). – P. 779-798.
10. Bagga T., Vishnoi S., Jain S., Sharma R. Medical tourism: Treatment, therapy and tourism // *International Journal of Scientific and Technology Research*. – 2020. – 9(3). – P. 4447-4453.
11. Beladi H., Chao C., Ee M., Hollas D. Does medical tourism promote economic growth? A cross-country analysis // *Journal of Travel Research*. – 2019. – 58(1). – P. 121-135.
12. Lovelock B., Lovelock K., Lyons K. The impact of outbound medical (dental) tourism on the generating region: New Zealand dental professionals' perspectives. *Tourism Management*. – 2018. – 67(8). – P. 399-410.
13. Momeni K., Janati A., Imani A., Khodayari-Zarnaq R. Barriers to the development of medical tourism in East Azerbaijan province, Iran: A qualitative study. *Tourism Management*. – 2018. – 69(9). – P. 307-316.
14. Taheri B., Chalmers D., Wilson J., Arshed N. Would you really recommend it? Antecedents of word-of-mouth in medical tourism. *Tourism Management*. – 2021. – 83(14). – P. 104-109.
15. Туризм Қазақстанның. Комитет статистикасы Министрлігінің Ұлттық Экономикасының Республикасы Қазақстан. – 2022. – Астана. – 65 с. – URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> [in Russian].

Сартова Р.Б., Тасмағанбетов А.Б., Ибрашева А.Ж., Тлеубергенова М.А.

РАЗВИТИЕ МЕДИЦИНСКОГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассматривается современное состояние развития медицинского туризма, ставшего одним из перспективных направлений мировой туристической индустрии. О важности медицинского направления туризма свидетельствуют среднегодовые темпы его роста в последние годы, возрастающий спрос на медицинские услуги в мире, значительно увеличивающийся объем мирового рынка медицинского туризма. Сделан обзор основных концепций в сфере медицинского туризма. Дан авторский подход к определению основного термина медицинского туризма. Обзор литературы показал, что ученые изучают различные аспекты и

факторы, такие как политические, инфраструктурные, экономические, экологические, социокультурные, природно-климатические, управленческие, гарантийные, сохранность, защищенность, влияющие на развитие медицинского туризма. Проанализирована деятельность медицинских организаций, таких как больницы, медицинские центры, реабилитационные центры, санатории, поликлиники и специализированные санатории, которые являются основными поставщиками продуктов медицинского туризма. В клиническом направлении медицинского туризма оценивались количество и койко-мест больниц, медицинских учреждений и реабилитационных центров, оказывающих амбулаторно-поликлиническую помощь населению, и регионы их расположения. Кроме того, проведен структурный анализ санаторных, профилактических и специализированных санаториев, работающих по санаторному направлению медицинского туризма. Рассмотрено, динамика роста численности специалистов, работающих в медицинских организациях страны, в том числе врачей и средних медицинских работников за последние двадцать лет.

Sartova R., Tasmaganbetov A., Ibrasheva A., Pleubergenova M.

DEVELOPMENT OF MEDICAL TOURISM IN KAZAKHSTAN

Annotation

The article discusses the current state of development of medical tourism, which has become one of the promising areas of the global tourism industry. The importance of medical tourism is evidenced by the average annual growth rate in recent years, the growing demand for medical services in the world, and the significantly increasing volume of the global medical tourism market. A review of the main concepts in the field of medical tourism is made. The author's approach to the definition of the basic term of medical tourism is given. A review of the literature showed that scientists are studying various aspects and factors, such as political, infrastructural, economic, environmental, socio-cultural, natural-climatic, managerial, guarantee, safety, security, affecting the development of medical tourism. The activity of medical organizations, such as hospitals, medical centers, rehabilitation centers, sanatoriums, clinics and specialized sanatoriums, which are the main suppliers of medical tourism products, has been analyzed. In the clinical direction of medical tourism, the number and beds of hospitals, medical institutions and rehabilitation centers providing outpatient care to the population, and the regions of their location were evaluated. In addition, a structural analysis of sanatorium-resort, preventive and specialized sanatoriums operating in the sanatorium direction of medical tourism was carried out. Considered is the change in the number of specialists working in the country's medical organizations, including doctors and paramedical workers over the past twenty years.

